

«Жалпыадамзаттық құндылықтар – отбасы тәрбиесінің негізі»

**Ақтөбе қаласы
№36 қазақ орта мектеп
Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі
Дошняязова Ақмарал**

Жоспар:

- 1. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру Бағдарламасының психологиялық-педагогикалық негізdedі.**
- 2. Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар.**
- 3. Ата-аналардың рөлі(қыз балалардың тәрбиесі, ұл балалардың тәрбиесі)**



С.А.Назарбаева

«Жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғыртып, өз бастауымызға қайта оралу керек...»

Халқымыз сан ғасырлар бойы бұл құндылықтарды иегере отырып, рухани мөлдір бұлақтан сусындады...

...сол рухани мөлдір бұлақтың көзіне жол табу – әрқайсымыз үшін міндеттердің міндеті болмақ...»

Сана арқылы оқыту

Ішкі тыныштық құпиясын қалай танып – білуге болады?

Оқыту, ойлау және түсіну – осының бәрі бес сезім мүшелері арқылы сананың ішінде жүретін үдерістер.


Олардың екеуі- **көру** және **есту** - ақпаратты алудың маңызды жолдары болып табылады.

Бес сезім мүшелері ақылы ақпарат сыртқы әлемнен **түпкі санаға** (подсознание) түседі де (кейде саналы түрде ,кейде санадан тыс), психикалық –эмоциялық реңге ие болады.

Сананың құрылымы туралы

Сананың құрылымы , оның табиғаты –адамның руханилығы мәселелерімен тығыз байланысты психикалық көкейтесті мәселелердің бірі.


Зигмунд Фрейд бірнеше **бейсаналық** (**санадан тыс**) бөлігін ажырата отырып адам санасының құрылымын жасады. Ол неврозды зерттей отырып ,сана саласынан шығып қалған эмоцияларды тапты және оларды **түпкі сана (подсознание)** деп атады. Зигмунд Фрейд негізінен патологиялық жағдайларды қарастырғандықтан, оның теориясын жан-жақты ету адам мүмкіндіктерін



З.Фрейд

(1856-1939)

Австриялық дәрігер психолог



Жоғарғы сана

Бес сезім мүшесі

Интуиция

* Дұрыс (оң)

*

*

Қабылдау

мүшесі

Сана

Эмоция

*

Түпкі сана

Әлем

Жоғары сана

- Жақсы мен жаманды, ақиқат пен жалғанды, мәңгі мен уақытшаны интуиция арқылы ажыратып, ар-ұждан дауысын естіп, жоғарғы “Менімізді” танимыз.

Сана

- Мида сақталатын және адам қол жеткізе алуда ақпараттың минималды бөлшегін ғана қамтиды. Оның сырттан түскен жаңа ақпаратқа деген эмоциялық әрекеттері түпкі санаға қосымша сигналдар жіберу арқылы өткен шақтардағы әсерлердің эмоциялық мазмұнын бекітуден тұрады.

Түпкі сана

- Санадан өткен ақпарат түпкі сана деңгейінде сезім мен эмоциялар түрінде сақталып, адамның мінез-құлығын қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Ғылыми көзқарас тұрғысынан жарық – өте жоғары жиелікпен тербелетін электромагниттік өрістен тұратын энергия(қуат).

Егер ғалымнан : « Электромагниттік өрісінің тербелісінде жамандық бар ма?», - деп сұраса. « Жоқ. **Жарық – ол тек энергия(қуат)**», -деп жауап береді.

Олай болса, көзімізге ешқандай жамандық кірмесе, неге біз жамандықты көреміз?

Себебі, жамандық қабылдаған ақпаратқа тек көрушінің өзі берген бағасы ғана.

Эмоцияны қараңғылықпен салыстыруға болады. Жарық қосылғанда қараңғылық жойылады ғой. Бірақ қараңғылық мәңгіге жоғалмайды. Сол сияқты біздің өміріміз жарыққа ұқсап, бейбітшілік, ақиқат, қиянат жасамау нұрын әлемге төгіп тұруы керек. Біз сабырлылықты, ұстамдылықты үйренгенде, ақыл-ойымызды тыныштандырғанда ғана тыныштық болады. Біздің ақыл-ойымыз тыныш болғанда, эмоциялық сыр түпкі сана санаға ықпал ете алмайды. Сондықтанда, « Өзін-өзі тану» сабағын оқытқанда балаларды дұрыс қабылдауға үйретіп, яғни эмоциясын басқара білуге, жағымды ойлау мен ажырата білу дағдысын және жаман ойлардың орнын жақсы ойлармен толтыру тазалығын үйретіміз. Ал сананы қалай тазалауға болады? Мысалы:

- Егер стақандағы лас(кір) суды бірден төкпей, оны қалай тазартуға болады? Лас (кір) су құйылған стақанды таза судың ағынына тоссаңыз, біртіндеп лас судың орнына су толады да, стақандағы суымыз тазарады. Сананы да осылайша жаман ойлардың орнын жақсы ойлармен толықтыру арқылы тазалауға болады.

Сананы тазарту

1. Күн сайын жағымды көңіл күйге ену тәсілін қолданыңдар. Бұл сананы тыныштандыру мен бақылау үшін әлемді ұғынуға арналған тікелей және тура әдіс.
2. Күні барлық адамдарға сүйіспеншілік нұрын шашуға талпыныңдар.
3. Ұйықтар алдында күні бойы не істегеніңізді еске түсіру үшін бірнеше минуттыңызды бөліңіз. Одан әрі дұрыс шешім қабылдауға дағдыланыңыз.
4. Ашу- ызаңызды бақылаңыз.Өзіңізді ұрсып, ренжіткен адам сізге өз ашу-ызаңызды бақылауға көмектесетінін әрдайым есте ұстаңыз.
Ашулана бастасаң, онда
 - бір стакан суық су ішіңіз;
 - айнадан бет-жүзіңізге қараңыз;
 - тыныш қана жатыңыз;
 - ашуыңыз келіп тұрған жерден кетіп қалыңыз.
5. Өзіңізді тыныштандыратын ізгі немесе жұбату сөздерді дауыстап айтыңыз.

- 6. Жаныңызды тебіrentетін ,жайландыратын жалпыадамзаттық құндылықтарға толы ән салыңыз.**
- 7. Жақсы компания, орта табыңыз.**
- 8. Басқаларға тыныштық беруге , қызмет етуге және оларды жұбатуға үйреніңіз.**
- 9. Тыныштық сақтауды үйреніңіз. Жұмсақ әрі мейірімді интонациямен сөйлеңіз. Тек қана жақсы нәрсе айтыңыз. Пайдалы нәрсе айта алмасаңыз, одан да үндемей қалыңыз.**
- 10. Тыныс алуыңызды бақылаңыз: әр уақытта баяу, терең және ырғақты тыныс алыңыз және бұған кедергі жасайтын нәрсенің бәріне абай болыңыз.**
- 11. Күнделікті өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарды ұстануға ұмтылыңыз.**

ҚИЯНАТ ЖАСАМАУ



ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ



ДҰРЫС ӘРЕКЕТ

СҮЙІСПЕНШІЛІК

АҚИҚАТ

Олар бір-бірімен тығыз байланысты бөлінбейтін адамның біртұтас руханилығының негізін және мәдениетін құрайды.

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар адам бойына тумысынан берілген сый және олар адамның рухани дамуының барлық кезеңіне нәр болады. Тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің көріну деңгейі оның рухани деңгейін білдіреді.

Оқыту үрдісіне мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу тұлғаның адами ізгілік қасиеттерін ашуға, сонымен қатар адамның рухани дамуына ықпал етеді.

Мәңгілік құндылықтар білім негізі және оның өзегі болып табылады.

Ақиқат

- ол бастапқы шынайылықтың мәңгілік мәні, ол жаратылыс негізінде жатқан қасиеттер, адам табиғатының бастауы

Сүйіспеншілік

- барлық жүректерді, барлық тіршілікті, барлық кезеңдерді, барлық ұлттарды, барлық діндерді, күллі табиғат пен бүкіл ғаламды біріктіруші құндылық

Дұрыс әрекет

- жүректен шығып ,сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс жүзінде қолданылатын құндылық

Ішкі тыныштық

- тыныштықтың шынайы, мәңгілік мекені – адамның таза жүрегі

Қиянат жасамау

- барлық төрт Ақиқат, Сүйіспеншілік, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық құндылықтарының іс-тәжірибесі нәтижесінің жемісі, ойымен, сөзімен, ісімен зиян келтірмейтін өмір

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар

Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, және Қиянат жасамау адамның ұлтына нәсіліне, тұратын ортасына және конфессионалдық тиістілігіне байланыссыз және уақытпен өзгермейтін жасаушы мән.

Олар бөлінбейді, өзара байланысты, өзара тәуелді, бір-біріне етене сіңіп, адам руханияты мен мәдениетінің біріңғай негізін құрайды.

Ақпарат

Ішкі

Қызығушылық

ҚАБЫЛ АЛЫНҒАН ҚАТІПТЕР

Сүйіспеншілік

Екінің Қолында

Дұрыс
өрекет

Қызығу
самау

Ғалым Т.И. Петракова біздің бағдарлама үшін ең тиімді
құндылықтар жүйесінің жіктемесі ұсынып, оны үш түрге бөлген

Табиғи құндылықтар

(ойдың жылдамдылығы, естің сенімділігі,
сезімнің шынайлығы жатады)

**Жүре пайда болатын
құндылықтар**

(адалдық, батырлық, тұрақтылық,
мақстақа талпынушылық)

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар

(уақытпен өзгермейтін, белгілі бір адамдар шеңберіне
ғана емес, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар)

Ақиқат

Дұрыс әрекет

Қиянат жасамау

Сүйіспеншілік

**Ішкі
тыныштықтық**

ҚИЯНАТ ЖАСАМАУ



ІШКІ ТЫНЫШТЫҚ




ДҰРЫС ӘРЕКЕТ

СҮЙІСПЕНШІЛІК


АҚИҚАТ

Олар бір-бірімен тығыз байланысты бөлінбейтін адамның біртұтас руханилығының негізін және мәдениетін құрайды.



**Отбасы - адамның жақсылық
жасауға үйренетін ең бірінші
әлеуметтік ортасы.**

В.А. Сухомлинский

- 
- ❖ Отбасы – ұлттың, мемлекеттің, әлемнің, адамзаттың негізі. Сондықтан оны нығайту керек.
 - ❖ Отбасында тыныштық болса – үйде тыныштық болады;
 - ❖ Үйде тыныштық болса – мемлекетте тыныштық болады.
 - ❖ Мемлекетте тыныштық болса әлемде тыныштық болады.

Ынтымақтастықта тәрбиелеу

Барлық баланы жақсы көру керек. Жақсы көру барлығын жаңғыртатын күш.

2. Баланың шынайы табиғатын сезініп, табиғат берген ерекшеліктерін ескере отырып қалай бар, солай қабылдап, түсіне білу керек.

3. Әрбір баланы жақсы көру, түсіну, сыйлау арқылы қанаттандыруға болады.

Қорыта айтқанда әр отбасында ата-ана өз міндетін дұрыс атқарса баланы дұрыс жолға саламын деп қиналмасаңызда болады себебі бала дұрыс өмір сүруді мына сізбен бізден үйренеді.

Баланың тәрбиелі болып өсуіне рухани отбасының тигізетін әсері мол. Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін рахмет!

Үлгілі жақсы отбасының қасиеттері

- Әр қайсысы өз борышын, парызын дұрыс орындайды.
- Қуанышты жан тыныштығында өмір сүреді.
- Отбасында бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болады.
- Адамгершілік қағидалармен өмір сүреді.

Ынтымақтастықта тәрбиелеу

Баланы ақылға құлақ
қояшылыққа, қалай
жеткізуге болады?

• **Баланың жүрегінде жоғары “мен”
орын алған ол интуитивті түрде бәрін
сезінеді.**

• Егер анасы оған өтірік айтып оны алдап тұрса онда бала тыңдамайды. Ал егер әкесінің айтып тұрғаны басқа болып, істегені одан да басқа болса, бала оған да құлақ аспайды. Егер баланы алдап табиғатына қарсы әрекет етсе онда бала тыңдамайды. Егер анасы оған үлкендердің ақылын тыңдау керек деп тұрып, өзі күйеуін тыңдамаса онда бала да олардың ақылына құлақ аспайды.

Баланы ақылға құлақ қоятын, тіл алғыш ету үшін ең алдымен ынтымақтастыққа әрекет етіп, үлкендердің өзі өзін-өзі жақсы мінез құлыққа тәрбиелеуі тиіс.

Бала тәрбиесіндегі ананың ролі

- Адамгершілігі оның тыныс алысы сияқты, қарапайымдылығы оның өмірлік күші, ақиқат жолында жүру оның күнделікті парызы болуы қажет.

Отбасындағы береке әйелге байланысты. Бұл өте нәзік көзге көрінбейтін дүние. Егер отбасыңызда бақ, береке молшылық болсын десеңіз отбасыңыз тек қана өзінің ішкі қызығушылығымен ғана өмір сүрмеуі керек. (шақыратын қонақ

Отбасында ең басты орынды иеленеді.

Білімнің,
даналықтың,
тәртіптің іске
асырушысы

Ер азамат – әйелін,
балаларын
қорғаушы,
отбасының барлық
мұқтаждығын өтеуші

Әке

- Олардың денсаулығына, біліміне кепілдік беретін адам.

Міндеті әйелге лайықты құрмет пен ізетті көрсету және олардың көз жасына қалмауға ұмтылу болып табылады.

- Ер азамат өз отбасын қорғауы керек. Отбасының барлық мүшелері өздерін қауіпсіз сезінулері керек.

- Сонымен қатар ер адам отбасындағы материалдық молшылықты қамтамасыз етуі керек.

Бала тәрбиесіндегі ананың рөлі

• Бала өмірінің алғашқы бес жылында міндетті түрде анасымен болуы керек.

• Өте ерте жастан әлеуметтік мекемелерге берілген балалар анасы ғана бере алатын мейірімнен, жылылықтан, ізгіліктен, сүйіспеншіліктен кенде қалады.

Ана өзінің міндетін басқаларға аударма салмауы тиіс (ата-әжесіне, күтушіге, балабақшаға)

Ұй анасыз иесіз қалғандай көрінеді

Ананың борышы

*Рухани ұстаз жсай ұстаздан да он есе күшті
ықпалды болмақ.*

*Әке рухани ұстаздан да он есе күшті,
маңызды.*

Ал ана әкеден мың есе маңызды.

Шығыс даналығы.

Ананың борышы – баланың бойына руханилық пен адамгершіліктің негізін салу.

Өмірге келген ұрпақ
бүгінгі ананың
негізінде
қалыптасады.

Ұлт ананың
мәдениетінің
негізінде
қалыптасып,
дамиды.

*Ананың
парызы*

•Кешегі, бүгінгі,
келешекте де
ана бәрінің
өзегі болмақ.

Ол балаларды
қажетті рухани
және моралдық
дайындықпен
қамтамасыз етуі
тиіс.

Егер ана руханилықпен
толыққан болса, ол балаға
сәтті, жағымды әсер етіп
олар да руханилықпен
сусындайды.

Бала тәрбиесіндегі ананың рөлі

- Риясыз сүю ананың табиғатынан берілген қасиет.
- Отағасын риясыз құрметтейтін әйелдер асыл тастай бағалы, хош иісті гүлдей нәзік, отбасының сақтаушысы, от анасы бола алады.
- Отбасы ана үшін нағыз қасиетті орын болуы тиіс. Ол ана үшін мешіті, оның мектебі, оның қызмет орны болуы тиіс.